АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ
ЖӘНЕ СЕРВИС КОЛЛЕДЖІ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ
«КОЛЛЕДЖ ОБЩЕСТВЕННОГО ПИТАНИЯ
И СЕРВИСА»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2024 жылғы 05 қыркүйек
Астана қаласы

№ 43/к
город Астана

**Сыбайлас жемқорлық құқық**
**бұзушылығына жол бермеу туралы**

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Колледж бойынша ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы 9-бабы негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау, ықпал ететін себеп-жағдайларды зерделеу, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алу, анықтау, болдырмау іс-шаралары бектіліп, жүзеге асырылсын.(жауапты А.Король)
2. Басқару және әкімшілік лауазымды атқаратын тұлғаларға мемлекеттік мекемеде қызмет көрсетумен сыйыспайтын әрекеттерге жол бермеу жауаптылығы күшейтіліп, колледж бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет талаптары қатаң сақталынсын (жауапты А. Король, Г. Сапарбекова, Ж. Мырзабекова, А.Нұрманова, Н. Нуржауова, Д.Нургожин, А.Красовская, Г.Серғазина, А. Арғынбек)
3. Педагогикалық және лауазымды қызметкерлерге қандай бір заңсыз қаражат жинау, демеушілік және қайырымдылық түріндегі көмектер алуға қатаң тыйым салынсын.
4. Колледж қызметкерлеріне жеке өзінің немесе колледждің мүддесіне байланысты қандай да бір қор құру, қаражат жинау ҚР заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келетіндігі ескертілсін.
5. Директордың оқу және аккредитация жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Сапарбековаға, директордың оқу өндірістік және халықаралық қатынастар жұмысы жөніндегі орынбасары А. Корольге, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары м.а А.Нұрмановаға қызметкерлерден, білім алушылардан заңсыз ақша жинау, ата-аналардан демеушілік немесе ерікті қайырымдылық көмек талап ету фактілерінің алдын алу мақсатында педагогикалық ұжым және ата-аналар қоғамы арасында кеңінен түсіндіру жұмысы міндеттелсін.
6. Білім алушылар мен қызметкерлер ақша жиналып жатқандығынан хабардар болған жағдайда колледж арнайы ресми сайтында көрсетілген парақшаға, колледж ғимаратының бірінші қабатында орналасқан сенім жәшігіне ақпарат қалдыруға болатындығын колледж фойесіндегі ақпараттық тақтаға ілініп, хабарлама тәртібінде қызметкерлер мен білім алушылар назарына жеткізілсін.
7. Кадр бөлімі меңгерушісі А. Арғынбек заңсыз қаражат жинау немесе демеушілік көмек талап бойынша колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне түскен сыбайлас жемқорлыққа қатысты шағымдар, фактілер бойынша ҚР еңбек кодексінің 52 бабының 14 тармақшасы ( тәрбиелеу функцияларын атқаратын жұмыскер осы жұмысын жалғастырумен сыйыспайтын, моральға қайшы қылықтар жасаған) басшылыққа алынып еңбек шартының бұзылатындығын ескертіп, жауапты тұлғаларды осы бұйрықпен қол қою тәртібімен таныстыруды қамтамасыз етсін.

000807

8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз міндетіме аламын.

**Директор** **З. Клышбаева**

Таныстым
Лауазымды тұлғалар:

| | |
|---|---|
| Директордың оқу өндірістік және халықаралық қатынастар жұмысы жөніндегі орынбасары | А. Король |
| Директордың оқу және аккредитация жұмысы жөніндегі орынбасары | Г.Сапарбекова |
| Директордың кәсіптік оқыту және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары | Н.Нуржауова |
| Директордың ақпараттық технологиялар жұмысы жөніндегі орынбасары | Ж. Мырзабекова |
| Директордың шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары м.а. | Д.Нургожин |
| Бөлімше меңгерушісі, директордың тәрбие жұмысы бойынша м.а. | А.Нұрманова |
| Құзыреттілік орталығы меңгерушісі | А.Красовская |
| Бас есепші | Г.Серғазина |
| Кадр бөлімі меңгерушісі | А. Арғынбек |

05.09.2024